

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ**

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

2024-2025 оқу жылы

Барап ауылы

2024-2025 оқужылы

Мазмұны

- **1 тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер**
- **2 тарау. Кадрлық құрамға талдау.....**
- **3 тарау. Білім алушылар контингенті.....**
- **4 тарау. Оқу-әдістемелік жұмыс.....**
- **5 тарау. Оқу материалдық активтер**
- **6 тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**
- **7 тарау. Білім алушылардың білімін бағалау**
- **8 тарау. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.....**
- 9-тарау. Қорытындылар мен ұсыныстар**

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша
қорытындысы.**

I тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Барап ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

I.1 Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстары 2024 жылғы 29 тамыз күнгі педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

- Утюпов Ержан Байзуллович – «Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ директоры, комиссия төрағасы;
- Таев Қабдолла Муканович – кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі;
- Утюпова Гаухар Тилеукешовна – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
- Мухаметжанова Алмагул Амантаевна – шаруашылық меңгерушісі, іс жүргізуші, комиссия мүшесі;

Орналасқан жері «Занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы»:

Занды мекен-жайы: 020102, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Барап ауылы, Ш. Құдайбердиев көшесі 9 құрылым.

Нақты орналасқан мекен-жайы: 020102, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Барап ауылы, Ш. Құдайбердиев көшесі 9 құрылым

Занды тұлға: «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Байланыс телефоны: 8-716-38-2-42-50,

Электрондық почта: barap@mail.ru

Web-сайт: <http://barap.edu.kz>

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер): -жұмыс тел.8-716-38-2-42-50, тел.87089419371, электронды почта barap@mail.ru, сайт barap.edu.kz

Утюпов Ержан Байзуллович 2025 жылы 2 мамырда «Ақкөл аудандық білім бөлімі» ММ №190 бұйрығымен «Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ директоры ретінде қызметке тағайындалды.

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/prikaz-o-naznachenii-direktora>

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттары:

1. БСН 011040001616 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі Ақкөл қаласы 2021 жылдың 15 қаңтары Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Ақмола облысының әділет депатаменті Ақкөл ауданаралық әділет басқармасы. Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама.

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/pereregistraciya-yuridicheskogo-lica>

2. Мектептің жарғысы толықтырулар енгізілумен Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/1 қаулысымен бекітілген. (Мектеп жарғысы көшірмесі)

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/9713-08-06-23-11-38-23-ustav-shkoly>

3. БСН – 011040001616

Рұқсат етуші құжаттар: (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон):

1. 02.02.2021 жылғы №KZ08LAA00021397 білім беру қызметіне лицензия

2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 07.11.2016 ж. №KZ10RVK00012335 хабарлама

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/lecenziya-na-obrazovatelynuyu-deyatelnosty-shkoly-i-uvedomlenie-o-nac>

3. 8.12.2020 ж. №712 жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Кеңес а/о, Малый Барап ауылы, Ш. Құдайбердиев көшесі, 9 ғимарат мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікке құқық тіркелген.

<http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/spravka-ob-otsutstvii-nalichii-nedvighimogo-imuschestva>

Оқыту тілі: Қазақша.

Оқу ауысымы: 2

II-тарау. Кадрлық құрамға талдау.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер.

1-қосымша

Педагогтердің білімі туралы құжат, қайта даярлау туралы сертификаттар;

2-қосымша

Бағаланатын кезеңдегі педагогтердің штаттық кестесі және тарификация

3-қосымша

Білім беруді жаңғырту жағдайында оқытудың барлық үлгілері білім беру сапасын арттыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандарты негізінде іске асырылады.

Білім беру сапасын арттыру мұғалімнің дайындық деңгейі мен кәсібилігіне, оның құзыретіне тікелей байланысты, сондықтан педагог кадрларды қайта даярлауға көп көңіл бөлінеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігіне де елеулі талаптар қойылады.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға «Өрлеу», АҚ «Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» базасында біліктілікті арттыру курстары ықпал етеді

Мектеп әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективтік жоспары жүргізілуде. Штаттық кестеге сәйкес мектеп әкімшілігінде директор саны – 1, мектеп психологы - 1, аға тәлімгер -1.

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер:

Мектеп директоры-

Утюпов Ержан Байзуллович. Білімі -жоғары. Жұмыс өтілі – 9жыл. Тарих пәнінің мұғалімі. Бұл мектепте 2016 жылдан бастап мұғалім ретінде және 2025жылдың мамыр айынан бастап директор болып тағайындалды.

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары:

2.Муса Бахытхан , білімі жоғары, химия – биология пәнінің мұғалімі,педагог-сарапшы, жұмыс өтілі: жалпы-12, осы мектепте – 12, осы лауазымда-4;

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

Адилова Марал Жақсыбаевна, білімі жоғары, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор, педагогикалық жұмыс өтілі: 7 жыл осы мектепте, осы лауазымда -5 жыл

Психолог-Аубакирова Амина Руслановна (1 бірлік)

Білімі – жоғары, орыс тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, Педагогикалық жұмыс өтілі – 39 жыл, психолог ретінде -25 жыл.

Мұғалімдердің білім деңгейі

Оқу жылдары	1-4 сыныптар			5-9 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді саны	Арнайы орта білімді	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді

2022-2023	4	3 (75%)	1 (25%)	16	16 (100%)	0 (0%)
2023-2024	4	3(75%)	1 (25%)	13	12 (92%)	1 (8%)
2024-2025	3	31 (100%)	-	13	12 (92%)	1 (8%)

Біліктілігі

Оқу жылдары	1-4 сыныптар				5-9 сыныптар			
	Мұғалімдер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы,	Педагог-модератор, 2 категория	Мұғалімдер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы,	Педагог-модератор, 2 категория
2022-2023	7	1 (14%)	2 (28,5%)	3(43%)	9	2(22%)	2(22%)	4 (44%)
2023-2024	8	1(12,5%)	2(25%)	2(25%)	13	2(15%)	3(23%)	5(38%)
2024-2025	6	0	2(33%)	2(33%)	13	2(15%)	5(38%)	3(23%)

Бастауыш мектеп

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтардың жалпы санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі-37% (жақсы).

Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығы – 6, оның ішінде:

педагог-зерттеуші-1
педагог – сарапшы-2
педагог-модератор-2
педагог -1

Негізгі мектеп

Негізгі орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі - 53 % (жақсы).

Негізгі мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығы – 13, оның ішінде:

педагог зерттеуші-2
педагог – сарапшы-5
педагог-модератор-3
педагог-3

Ағымдағы оқу жылында мектеп 13 педагогикалық қызметкермен жасақталған. Оның ішінде жоғары білімі-12 (92%), арнаулы орта білімі -1 (8%).

Мектепте 4 мұғалім қосымша жұмыс істейді:

1. Куандыков Кенпейил Келешекович, география пәнінің мұғалімі, жұмыс өтілі 3 жыл, санаты: педагог-модератор, оқу жүктемесі 6 сағат. Негізгі жұмыс орны - "Ақкөл қ.Ж. Бектұров атындағы №3 жалпы білім беретін мектеп";
2. Ахметхалиева Мадина Шайховна, физика пәнінің мұғалімі, жұмыс өтілі 37 жыл, саната: педагог-модератор, оқу жүктемесі 6 сағат. Негізгі жұмыс орыны - "Ақкөл агротехникалық колледж";
3. Муканова Гулмира Сериковна, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, жұмыс өтілі 1 жыл, оқу жүктемесі 15 сағат. Негізгі жұмыс орыны "Урюпинка ауылының жалпы білім беретін мектебі";
4. Алтынбай Нұрсұлтан Жаңабайұлы, информатика пәнінің мұғалімі, оқу жүктемесі 6,5 сағат. Негізгі жұмыс орыны: Ақкөл қаласының №3 балабақшасы.

Педагогикалық еңбек өтілі бойынша педагогтер құрамы

Жасы бойынша педагогикалық ұжым мынадай құрамдағы педагогикалық штаттық қызметкерлердің болуын білдіреді: 30 жасқа дейін – 3 (23%); 30 жастан 39 жасқа дейін – 3(23%); 40 жастан 49 жасқа дейін – 1(13%); 50 жастан 59 жасқа дейін – 3 (23%); 60 жастан 63 жасқа дейін – 3 (23%). Орташа жасы-41 жас. Жас құрамын талдау мектепте жас және орта жастағы педагогтардың, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру және өзара іс-қимыл жасау үшін тәжірибелі педагогтардың жеткілікті әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Педагог кадрларды қабылдау басшы мен педагог қызметкер арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

Кадрларды іріктеу және орналастыру педагогикалық ұжым мүшелерінің біліктілік деңгейі мен қолда бар біліктілік санатын ескере отырып, мектептің жұмыс оқу жоспарын іске асырудың объективті қажеттіліктерін негізге ала отырып, жоспарлы және мақсатты түрде жүзеге асырылады.

Жаңа оқу жылына арналған оқу жүктемесін алдын ала кадрлармен толықтыру және бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында жүргізіледі, бұл мұғалімдерге өздерінің перспективалық жоспарларын құруға және жаңа оқу жылына арналған қызметтің басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Әрбір мұғалімнің оқу жүктемесі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейге сүйене отырып және мектеп кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша анықталады. Оқу сағаттарын бөлу кезінде оқытудағы сабақтастық, педагогтардың біліктілігі, сондай-ақ әрбір мұғалімнің жеке-коммуникативтік қасиеттері ескеріледі.

Мектепте кадрларды орналастыру дайындық деңгейі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Педагогтар мен мектеп басшылығының жұмысындағы негізгі критерий педагогикалық этиканы сақтау, "Білім туралы" заңның, ҚР Еңбек кодексінің орындалуы болып табылады. Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, шығармашылық жұмыс пен өзін-өзі тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасауға тиісті көңіл бөледі.

Мұғалімдердің сапалы құрамы олардың кәсіби жетістіктерінен көрінеді, көптеген мұғалімдердің еңбектері кәсіби марапаттарға ие болды. Педагогикалық ұжымның қазіргі құрамынан аттестатталатын кезеңде көптеген мұғалімдер марапатталды.

«Барап негізгі мектебі» КММ

2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері

№	жыл	Іс-шара атауы	Оқушының аты-жөні	орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	2024	Аудандық «Ақберен» өнер байқауында «Шешендік өнер» номинациясы бойынша	Айбекқызы Рауана 9-сынып	3-орын	Утюпова Г.Т
2	2024	«Ақберен» өнер байқауында «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы	Дәулет Нұрсая 8-сынып	2-орын	Утюпова Г.Т
	2024	5-6-сынып оқушыларына арналған республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі	Қайрат Нұртас 6-сынып	2-орын.	Утюпова Г.Т
	2024	5-6-сынып оқушыларына арналған республикалық орыс тілі олимпиадасының аудандық кезеңі	Әділ Жұлдызай	3-орын	Аубакирова А.Р
	2024	5-6-сынып оқушыларына арналған республикалық орыс тілі олимпиадасының аудандық кезеңі	Олжабаева Айару 6-сынып	3-орын	Аубакирова А.Р
	2024	“Зерде”облыстық ғылыми зерттеу жобалар байқауы	Дәулет Бектөре 4-сынып	1-орын	Адилова М.Ж
	2024	Аудандық “Яссауи тану” байқауы	Дәулет Нұрсая 8-сынып	1-орын	Утюпов Е.Б
	2025	Республикалық “Зерде”ғылыми зерттеу жобалар байқауы	Дәулет Бектөре 4-сынып	3-орын	Адилова М.Ж
	2025	Аудандық ғылыми зерттеу жобалар байқауы	Айбекқызы Рауана Аршынбек Сая 9-сынып	1-орын Облыстық кезеңге жолдама	Қайдыраш Айдынгүл
	2025	“Айқанат” ауыл балаларына	Дәулет	“IQanat High	Қайдыраш Айдынгүл

		арналған олимпиада республикалық кезеңі	Нұрсая 8-сынып	School of Burabay” мектебінің грант иегері	Муса Б
--	--	---	-------------------	---	--------

Мектептің педагогикалық ұжымы балаларға қабілеттерін толық ашуға, таңдаған қызмет түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, олардың таланттары мен дағдыларын дамытуға жағдай жасауға тырысады. Мектептің мектепішілік жұмыс жоспарына сәйкес және "Дарынды балалар" бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2020 – 2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары ішінде уәжді балалармен жұмыстар жүргізілді, оның мақсаты "Дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы, озық даму жағдайында қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтау үшін жағдайлар жасау болып табылады .

Ұжымның алдында тұрған міндеттер:

1. Оқушының қабілеттерін көрсету физикалық және психикалық денсаулығын сақтау арқылы жетістікке жетуіне ықпал ететін білім беру ортасын құру.
2. Дарынды балаларды ерте жастан бастап мектепті бітіргенге дейін анықтау және қолдау жүйесін құру.
3. Олимпиадалық қозғалыста және түрлі деңгейдегі конкурстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізген оқушылардың санын көбейту және сақтау.

Барлық оқу жылдарында келесі жұмыстар атқарылды:

- * Дарынды балалармен жұмыс жоспарлары жасалды;
- * Дарынды балалардың деректер банкі құрылды;
- * Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері мектептің ынталы, дарынды, жоғары интеллектуалды балаларын қолдау және дамыту бойынша жұмыстар жүргізді;
- * Мектептегі пәндік олимпиадалар, шығармашылық конкурстар, сурет көрмелері және спорттық іс-шаралар өткізілді;
- * Аудандық, республикалық, облыстық, халықаралық олимпиадалар мен оқушылар конкурстарына қатысу;
- * Дарынды балаларды көтермелеу (дипломдар, грамоталар, сыйлықтар беру).

Бұл міндеттер балалармен жеке сабақтар, дамытушылық сипаттағы сабақтан тыс тапсырмаларды интеграциялау, пәндік апталарды өткізу және, әрине, біздің балаларымыздың конкурстарға, конференцияларға, фестивальдерге, түрлі деңгейдегі көрмелер мен олимпиадаларға қатысуы арқылы жүзеге асырылды. Дарынды және ынталы балаларды анықтау Оқу-тәрбие процесі барысында мектеп үлгерімін бағалау негізінде, пән мұғалімдерінің бақылаулары бойынша құрастырылған сипаттамалар негізінде түрлі конкурстарда алынған нәтижелер негізінде жүргізілді. Оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау бойынша жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді: 1) мектеп бұйрығымен бекітілген олимпиадалардың мектеп кезеңін өткізу кестесіне сәйкес зияткерлік – шығармашылық бағыт.

3 бөлім. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті жоқ.

№	Оқу жылы	Бастауыш мектеп			Негізгі мектеп			Барлығы		
		Жалпы саны	Сынып-комплект	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Сынып-комплект	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Сынып-комплект	Оқушылар саны
1	2024-2025	3	3	9	4	4	27	7	7	35

Қазіргі уақытта оқушылар саны 35 оқушыны құрайды. Мектепте оқыту тілі - қазақша, қазақ тілінде 35 оқушы 1-ден 9-сыныпқа дейін білім алады. Қазақ тілінде оқыту үлесі 100% құрайды. Мектепте ер оқушылардың үлесі - 47%, қыз оқушылардың үлесі - 53%.

Қазіргі уақытта мектепте 9 сынып, 7 сынып-жиынтық бар. Мектеп шағын жинақталған, 2,4 сынып және 5,6 сыныптар біріктірілген сыныптар. Біздің мектепте соңғы үш жылдағы сыныптардың ең жоғары толымдылығы - 10 оқушы, сыныптардың ең аз толымдылығы - 2 оқушы.

Сыныптардың орташа толымдылығы - 5 оқушы.

Тәрбие жұмысы 2024-2025 оқу жылындағы жағдайы

«Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы мектебіндегі тәрбие ісі жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалған.

«Барап ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі № 169-VI Заңы;

- 7) «Білімтуралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Білім алушылардың тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтар болып табылады.

2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие үрдісі келесі жобалармен жұмыс атқарып жатыр:

1. «Оқуға құштар мектеп» (Жунусова С.А);
2. «Ата – аналарды қолдау орталығы негізінде құрылған Жеңелер клубы» (Адилова М.Ж);
3. Мектептің өзін-өзі басқаруы ұйымы» (Дәулет Б);
5. «Ұшқыр ой алаңы» (Дәулет Б)

Тәрбие жұмысы жөніндегі тәлімгер нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып, жыл сайын өткен жылғы талдауды, жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттерін қамтитын тәрбие жоспарын жасайды. Қойылған міндеттер негізінде оқу жоспарлары мен бағдарламалары, психологиялық жұмыс жоспары, сынып ұжымдарының жұмыс жоспарлары жасалды. Мектептегі барлық тәрбие жұмысы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастық пен мәдениетаралық өзара іс-қимыл жасауға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адамды қалыптастыруға бағытталған.

Сабактан тыс тәрбие жұмыстары әр түрлі сипаттағы іс-шараларға толы, олар өте ырғақты. Қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру оқушы-ларды мектепшілік және аудандық іс-шараларға тартуға және қатысуға ықпал етеді. Іс-шаралар материалдары жүйеленген. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері жылына екі рет педагогикалық кеңестерде қаралады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Міндеттері: Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйеспеншілікті қалыптастыру. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту. Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру. Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 6 бағыт бойынша жұмыс жүргізілді:

1. Еңбекқорлық және кәсіби біліктік
2. Тәуелсіздік және отаншылдық
3. Әділдік және жауапкершілік
4. Бірлік және ынтымақ
5. Заң және тәртіп
6. Жасампаздық және жаңашылдық

Еңбекқорлық және кәсіби біліктік құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақтілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы:

- Ұлттық мүддені дамыту;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
- Азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
- Мемлекеттік тілді меңгеру;
- Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және жобаларға қатысу;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Әділдік және жауапкершілік құндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Қоғамға қызмет;
- Жауапкершілікті түсіну;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Табандылық таныту;

Бірлік және ынтымақ құндылығы:

- тиімді коммуникация;
- Қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
- сенімді қарым-қатынас орнату және сақтай білу,
- бірлескен іс-әрекет пен пікірлерді, сезімдерді құрметтей білу;

Заң және тәртіп құндылығы:

- азаматтық борыш пен парасаттылық;
- адам құқығы негіздері;
- тәртіп пен әділдік;
- заң мен тәртіптің маңыздылығы;

Жасампаздық және жаңашылдық құндылығы:

- шығармашылық;
- шешімдер мен идеялар ұсына білу;
- жобаларды іске асыру;
- мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет;

-бақылау,өлшеу,эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

Тәрбие парадигмасын жаңарту барысында әр айға негізделген құндылықтар бойынша іс-шаралар жүзеге асуда.

Сонымен қатар күнделікті өткізілетін іс-шаралар:

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» атты іс-шарасында- үзіліс кезінде білім алушылар асық, бес тас, тоғызқұмалақ, шашки ойындарын ойнайды.

«Өнегелі 15 минут» іс-шара бойынша -ата-аналар баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелеседі.

«Үнемді тұтыну» іс-шарасында -суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру барысында сынып сағаттарында айтылып отырады.Ата-аналар мен оқушыларға үнемді тұтыну бойынша жадынамалар мен ұсынымдар беріліп отырады.

«Күй күмбірі»- үлкен үзіліс кезінде оқушылар күй тындап, музыка сабағында талқыланады.

Апта сайын өткізілетін іс-шаралар аясында:

«Менің Қазақстаным»- оқу аптасының басында жұмыс жиынында білім алушылар ҚР Әнұранын орындайды.

«Апта дәйексөздері»- мектебіміздің дәлізінде, әр сынып тақтасында мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері, аптаның дәйексөздері орналастырылды.

«Қауіпсіздік сабағы»- жол қозғалыс ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін , қауіпсіз мінез-құлқын және т.б сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беріледі және әңгіме жүргізілді.Жалпы 35 сабақ өтті. (Тақырыптары: «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар, «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын 5 қадам, «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері»

Сонымен қатар мектебімізде ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы жоспарға сәйкес өз жұмысын атқарып келеді.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру болып келеді.

Ата-ана тәрбиесі барысында келесі интерактивті формалар қолданылады.Олар :

- дөңгелек үстел (пікірталас)
- миға шабуыл
- іскерлік және рөлдік ойындар
- кейс-стади (нақты жағдайларды , ситуацияларды талдау)
- шеберлік сабақтары
- тренингтер.

1-4 сынып және 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарына 8 сағаттан қарастырылған сабақ тақырыптары бар. Олар: «Отбасы-бақыт бесігі», «Әрбір бала-жарық жұлдыз», «Құмар ойындары-тәуелділік қақпаны» және т.б.

Мектебімізде Даналық клубының «Жеңгелер клубы» жұмыс жасайды. Қатысушыларымыз «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Бесікке салу рәсімі» т.б іс-шараларға белсене қатысып, тәжірибелерімен бөлісті.

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ мен аясында білім алушылардың еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу бойынша қазан айында оқушылар «Күзгі асар» жәрмеңкесіне белсене қатысып, өз қолдарымен жеміс жидектерден бұйым жасап, көрме ұйымдастырылды.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша мектебімізде «Көзқарас» дебат клубы өз жұмысын атқарып келеді. Дебат ойындарына жоспарға сәйкес 5-9 сынып оқушылары (26 оқушы) қатысады. Әр ойын оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге үйретеді және әр ойын тартымды, қызықты өтеді. Қазан айында Еркеш Ерасыл, Айбекқызы Рауана, Кадирова Азиза Республика күніне арналған аудандық дебат турниріне қатысып 3 орын иеленді.

«Шабыт» жобасының аясында 1-9-сынып оқушылары жалпы мектепшілік іс-шараларға белсене қатысып, өз өнерлерін көрсете білді. Сонымен қатар «Даналық - ұстаздан», «Ананың аялы алақаны», «Ұлттық мәдениет» көрмесі, Республикалық «Әншуақ» фестивалі ұйымдастырылды. Аудандық «Ақберен» өнер байқауында «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша 8-сынып оқушысы Дәулет Нұрсая 2-орын иеленді. «Ақмола жұлдыздары» аудандық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауында үздік өнер көрсетіп Сансызбайқызы Қарақат дипломмен, «Айназ» триосы грамотамен марапатталды.

Қайырымдылық және әлеуметтік шаралар бойынша мектебімізде наурыз мерекесінің қарсаңында «Ұлттық мәдениет» көрмесі және концерт ұйымдастырылып көрермендерге Наурыз көже таратылды.

«Қамқор» жобасы бойынша 35 оқушы, Ақкөл қаласының орман шаруашылығының орманшыларымен және 16 педагогтердің қатысуымен «Жер сағаты» акциясы өткізілді. «Жер Сағаты» акциясының маңыздылығын түсіндіретін сабақтар, сынып сағаттары, дәрістер өткізілді. Экологиялық тақырыптағы шығармашылық байқаулар өткізілді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы аясында «Мен экоблогермін» облыстық байқауына қатысып, «Қыста құстарды тамақтандыр» номинациясы бойынша 3-сынып оқушысы Бердіқанқызы Баура аудандық кезеңінде 1 орын иеленіп, облыстық кезеңінде 3 орын иеленді. Қоғамға қызмет ету волонтерлік қызметі аясында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері көмекке мұқтаж қарт адамдарға үнемі көмектесіп отырады. Қамқор жобасы аясында Республикалық «Зерде» жобасы бойынша 4 сынып оқушысы Дәулет Бектөре «Құлпынайдың адам ағзасына тиетін пайдасы және күнкөріс көзі» атты тақырыпта облыстық кезеңде 1-орынға, Республикалық кезеңде 3-орын иеленді.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында оқушылардың оқу мәдениеті мен әдеби талғамын дамыту, кітапқа, кітап оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру мақсатында «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Отбасымызбен бірге оқимыз» акциясының аясында демалыс күндері оқушылар отбасымен бірге сүйікті кітаптарын оқып талқылайды. Мектеп кітапханашысы Жунусова Сауле Айтчановна жоспарға сәйкес қызықты тақырыпты көрмелер ұйымдастырып оқушылармен әңгіме жүргізеді. 9-сынып оқушысы

Айбекқызы Рауана Республикалық Балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде 3-орын және аудандық «Ақберен» өнер байқауында «Шешендік өнер» номинациясы бойынша 3-орынға ие болды, 8-сынып оқушысы Дәулет Нұрсая дәстүрлі «Ясауитану» байқауына Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін жаттап, аудандық кезеңнен өтіп, облыстық кезеңіне белсене қатысып, сертификатқа ие болды.

Алдын алу шаралары бойынша «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбы негізінде оқушылар арасында интернетті дұрыс пайдалану, қауіпсіздік ережелерін сақтау, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін сақтау және цифрлық әлемдегі қауіпсіздік ережелеріне арналған тақырыптарды қамтыған сынып сағаты шеңберінде ақпарат беріліп, әңгіме өткізілді. «Қауіпсіз интернет» республикалық бейнероликтер байқауында 9 сынып оқушысы Айбекқызы Рауана 3-орын иеленді.

«Буллингтен қорған» тақырыбында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыра отырып, қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу, оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату, заң және тәртіп құндылықтарын насихаттау мақсатында сынып сағаттары, тренингтер, флешмобтар, челлендждер, жергілікті полиция инспекторының қатысуымен жиындар өткізілді. Ақпан айының 17 мен 27 аралығында «Стоп буллинг» атты 10 күндік өтті. Мектеп психологы оқушылармен әңгіме, тренингтер өткізді.

Мектепішілік бақылауда және аудандық ювеналдық полиция бөлімшесінде есепте тұрған оқушы жоқ. Мектебімізде 4 спорттық секция және 3 үйірме өз жұмысын атқарып келеді. Оқушылар 100% спорттық секциясымен және үйірмемен қамтамасыз етілді.

«Ойынға салауатты көзқарас» бойынша – лудоманияның алдын алу мақсатында мектебімізде 1-9-сынып оқушыларының арасында бейнефильмдер көрсетілді.

«Өмірге салауатты қадам» бойынша – жергілікті полиция инспекторы кездесу өткізіп жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізді. 5-9-сынып оқушылары «Ақмола - есірткіге қарсы аймақ» челленджіне қатысты. Осындай алдын алу шаралары жастар арасында құқықбұзушылықтың, нашакорлықтың және басқа да әлеуметтік мәселелердің алдын алуға көмектеседі.

«Қоғамдық мүлікті қорға» бойынша Қоршаған ортаны, табиғи ескерткіштерді, көпшілік де-маталатын орындарды, мектеп мүлкін сақтау мақсатында оқушылар үшін үнемі сынып және тәрбие сағаттарында айтылып отырады. Өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері және жалпы 1-9 сынып оқушылары мектеп аймағын тазартуға өз үлестерін қосып отырады. Қоғамдық мүліктерді қорғау мақсатында ата-аналар мен оқушылар топтарына жадынамалар таратылады. 9-сынып оқушылары мектеп үлескісіне ағаш көшеттерін отырғызды.

Оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатаныда полиция қызметкерімен кездесулер өткізіліп тұрады. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектебімізде бала қорғау кюар коды, 111 сенім телефоны, турникеттер және өткізу режимі (вахта қызметі) қарастырылған. Мектеп жанында қауіпсіздік белгілері де қойылған.

Оқу жылының аяқталуына орай 1-9 сыныптар жалпыұлттық эссе байқауына қатысып 1-4 сынып "Таза Қазақстан", 5-9 сыныптар "Заң және тәртіп" атты тақырыпта эссе жазды.

Жаз мезгілінде балалардың жарақаттануы мен жазатайым оқиғаларды төмендету мақсатында 21 мамыр күні мектебімізде ата-ана жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында оқу жылының қорытындысы және жарақаттануды болдырмау, суда өзін ұстау және сақтану

ережелері туралы, жол қауіпсіздік ережелері, өрттен сақтану қауіпсіздік шаралары туралы әңгіме жүргізілді.

22 мамыр күні оқушылармен жергілікті полиция инспекторы Джанабаев А.А және ювеналдық полиция бөлімінің басшысының м.а Мурзаханов И.М түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Әңгіме барысында құқықбұзушылықты алдын алу, буллингті алдын алу және қауіпсіздік ережелері туралы әңгіме қозғалды. Сонымен қатар мектеп ұстаздарымен интернет алаяқтардан қорғану мақсатында "e-Gov" порталы арқылы бұғаттау жұмыстары жүргізілді.

Жоспарға сәйкес мереке күндері жауапты мектеп ұстаздары рейд жүргізіп отырды.

Мектеп сайтында үнемі буллингті алдын алу және құқықбұзушылықты алдын алу бойынша жадынамалар орналастырылып отырылды.

Мектепте оқу жылының басында бірінші қабатында «Сенім телефоны» орналастырылды.

Мектепте балаларға қатысты қатыгездік танытатын қауіп- қатерге ықтимал топтарға жататын отбасылар жоқ және мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ.

2024-2025 оқу жылының «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша сілтемелері

<https://www.facebook.com/share/v/16HhKDn4be/>

<https://www.facebook.com/share/v/1HjFh9wHGx/>

<https://www.facebook.com/share/v/1AaKW2uRfe/>

<https://www.facebook.com/share/v/1B6Ejy4zEL/>

<https://www.facebook.com/share/v/19ZSRi8WA1/>

<https://www.facebook.com/share/v/16kKzNht6z/>

<https://www.facebook.com/share/v/16PocZpEka/>

<https://www.facebook.com/share/v/1AGN3BJxN6/>

<https://www.facebook.com/share/v/1ArJmdh63A/>

<https://www.facebook.com/share/v/1GetukFVwR/>

Психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылындағы қызметі

Педагог-психолог қызметінің **мақсаты:**білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы тандауды қалыптастыру үшін психологиялық –педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық –педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Міндеттері:

1.оқу процессінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық – педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындауы себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2.оқу процессінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму серпінін мониторингілеу; білім алушылармен тәрбиеленушілердің оқу қызметің дараландыруға жәрдемдесу;

3.білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын орындауға жәрдемдесу

Сапалық құрам

Санат	Саны	* белгіленгенін жерге мектеп немесе ТАӘ жазамыз
Барлық мектептер	1	«Барап ауылының негізгі орта ектебі» КММ
Мектептерде құрылған психологиялық қызмет (ПҚ) саны	1	*(ПҚ жоқ мектептер)
Педагог-психолог мөлшерлемесі көзделмеген	0	*(мектеп)
Қажеттілік	0	*(мектеп)
Барлық педагог-психологтар саны	1	
Соның ішінде:		
Магистратура	0	
Педагог-модератор	0	
Педагог-сарапшы	0	
Педагог- зерттеуші	0	
Санаты жоқ	1	
Біліктілік арттыру курстары бар	ия	
Барлық мөлшерлеме саны	1	
Қамтылған мөлшерлемелер	1	
Мөлшерлемелер бойынша бос орындар	0	*(мектеп)
Мектептер бойынша бос орындар	0	*(мектеп)
Педагог-психологтің жеке кабинеті	1	
Кіріктірілген кабинет	0	
Маман емес	0	*(мектеп)

Бағыттар бойынша педагог-психолог қызметінің нәтижесі:

Диагностикалық бағыт (талдаумен барлық диагностикалық жұмысты көрсетіңіз)

Мектептегі психологиялық қызметінің негізгі бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялықтүзету-дамыту
- Психологиялықалдын-алу
- Психологиялықкеңес беру
- Психологиялықағарту

Бұл психологиялық қызметтің диагностика бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

2024-2025оқу жылының қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау үшін Керн-Йерасек тесті алынды. Онда оқушылар «Ер адам суретін салу», «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі» және Отбасы суретін салды.

Менің отбасым» суретті тестінің қорытындысы бойынша бірінші сынып оқушыларының отбасындағы жағдайлары жақсы, эгоцентризм және мазасыздану деңгейі орташа екендігін анықталды. Балалардың осы проблемаларын ескере отырып, оларды түзету-дамыту тренингін өткізу қажет екені байқалады.

«Баспалдақ әдістемесі» бойынша баланың өзін-өзі бағалау деңгейін жоғары 4оқушы анықталды.

Қазан айында 1 сынып оқушыларымен балалардың таным процесін зерттеу әдістері арқылы оқушылардың қабылдау ерекшеліктері, есте сақтау, байқағыштық, логикалық ойлау қабілеттері анықталды.

Қатысқандар саны - 4 оқушы.

Мектептің оқу- тәрбие жұмыс жоспары бойынша бірінші сыныптын бейімделуін бақылау әкімшілік тарапынан жүргізілді. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.

5сынып оқушыларымен **Филлипстің**“Оқушылардың мектептегі үрейлерін ,мазасыздығын бағалау әдістемесі өткізілді.

Қатысқандар саны - 2оқушы.

Нәтижесі: нормаға сай қалыпты

5сынып оқушыларынан бейімделу бойынша сауалнама алынды

1-5сынып оқушыларының Ата-аналарына бейімделу процесі бойынша кеңестер және жаднамалар таратылды.

Қатысқандар саны :27 оқушы

Нәтижесі: жоғары-0 Төмен-1 Орташа-26

8-9сынып оқушыларынан «Өз-өзіне сұғылмаушылық жасау» әңгіме жүргізілді

